

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ
И ВЫСШЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

MINISTRY OF SCIENCE
AND HIGHER EDUCATION
OF REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN



Ө.ЖӘНІБЕКОВ
АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
Ө.ЖӘНІБЕКОВ

SOUTH KAZAKHSTAN
PEDAGOGICAL UNIVERSITY
NAMED AFTER
O.ZHANIBEKOV

Ө.Жәнібеков атындағы
Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық
университетінің Басқарма
төрағасы – Ректордың у.м.а.

Вр.и.о. председателя Правления –
Ректора Южно-Казакстанского
педагогического университета
имени Ө. Жәнібеков

Acting Chairman of the Board – Rect
of the South Kazakhstan Pedagogical
University named after O.Zhanibekov



Г.Д. Сугирбаева

Хаттама № 7, «04.05» 2024ж.

Протокол № 7, «04.05» 2024 г.

Protocol № 7 «04.05» 2024

БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ

PR0011 – ПЕДАГОГТІК ҚАЙТА
ДАЯРЛАУ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ПРОГРАММА

PR0011 – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ
ПЕРЕПОДГОТОВКА

EDUCATIONAL
PROGRAM

PR0011 – PEDAGOGICAL
RETRAINING

Шымкент 2024

**СЕРТИФИКАЦИЯЛЫҚ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ КУРСЫ –
ДИПЛОМНАН КЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**
Post Graduate Pedagogical Education (PGPE)

**«PR0011 – ПЕДАГОГТИК ҚАЙТА ДАЯРЛАУ»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру саласының
коды және атауы:**

6B01 Педагогикалық ғылымдар

**Даярлау бағыттарының
коды және атауы:**

6B011 – Педагогика және психология
6B012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу
және оқыту педагогикасы
6B013 – Пәндік мамандандырылмаған
мұғалімдерді даярлау
6B014 – Жалпы дамудың пәндік
мамандандырылған мұғалімдерін
даярлау
6B015 – Жаратылыстану пәндері
бойынша мұғалімдерін даярлау
6B016 – Гуманитарлық пәндер
бойынша мұғалімдер даярлау
6B017 – Тілдер және әдебиет
бойынша мұғалімдерді даярлау
6B019 – Арнайы педагогика

Оқу мерзімі:

6 ай

Жалпы кредит көлемі:

42 академиялық кредит

Білім беру бағдарламасы «Физика-математика» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № 8 « 29 » 03 2024 ж.

Білім беру бағдарламасы «Жаратылыстану» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № 7 « 27 » 03 2024 ж.

Білім беру бағдарламасы «Тарих және педагогика» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № 8 « 29 » 03 2024 ж.

Білім беру бағдарламасы «Филология» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № 8 « 28 » 03 2024 ж.

Білім беру бағдарламасы «Дене шынықтыру және спорт» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № 8 « 29 » 03 2024 ж.

Білім беру бағдарламасы «Өнер және білім» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № 9 « 18 » 04 2024 ж.






Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Басқармаға бекітілуге ұсынылды.

Хаттама № 11 « 24 » 04 2024 ж.

Білім беру бағдарламасы Басқармада бекітіліп қолданысқа енгізілді.

Хаттама № 7 « 04 » 05 2024 ж.

Келісілген:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
Академиялық істер департаментінің директоры		Бердалиев Д.Т.
Үздіксіз білім беру орталығының басшысы		Дайырбеков С.С.
Физика-математика факультетінің деканы		Ибашова А.Б.
Жаратылыстану факультетінің деканы		Айтбаева А.Е.
Тарих және педагогика факультетінің деканы		Таутаева Г.Б.
Филология факультетінің деканы		Масалиева Ж.А.
Денешынықтыру және спорт факультетінің деканы		Тұрысқұлов Ө.Ж.
Өнер және білім факультетінің деканы		Байбатшаева А.Е.
Шымкент қаласы білім басқармасы әдістемелік орталығының директоры м.а.		Жарова Б.Х.
Ы.Алтынсарин атындағы № 65 мектеп-гимназиясының директоры		Қаныпов А.С.
Қ.Спатаев атындағы № 7 мектеп-гимназиясының директоры		Алмажанқызы Р.А.
Т.Тәжібаев атындағы № 47 мектеп-гимназиясының директоры		Оспанова Ж.С.
Шымкент қаласы білім басқармасының мемлекеттік арнаулы (коррекциялық) №28 «Гаухар» балабақшасы (сөйлеу функциялары ауыр және жеңіл бұзылған балаларға арналған) КММ меңгерушісі		Такибаева У.А.
А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясының директоры		Аманкулова А.С.
Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығына мүше, ЖШС «Алдияр» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі		Сариева А.Б.
Шымкент қалалық № 18 олимпиадалық резервті Мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры		Қарибаев С.Ж.

ББ құрылымы

Кіріспе.....	6
1 Білім беру бағдарламасының паспорты.....	7
2 Мақсаты мен міндеттері.....	8
3 Бітірушісінің моделі.....	8
4 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері.....	8
5 Оқу нәтижелерін бағалау саясаты.....	9
6 Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері.....	10
7 Білім беру бағдарламасының мазмұны.....	10
7.1 ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі.....	10
7.2 Модульдер туралы мәліметтер.....	12
7.3 Пәндер туралы мәліметтер.....	15

КІРІСПЕ

Курс талапкерлер таңдаған траектория бойынша университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес басталады. Педагогикалық қайта даярлау курсының екі негізгі компоненті бар:

1) оқу (педагогикалық-психологиялық, пәндік-әдістемелік) жұмысы;

2) кәсіптік практика

Оқу жұмысы екі модульден тұрады:

1) педагогикалық-психологиялық дайындық;

2) пәндік-әдістемелік дайындық.

Педагогикалық-психологиялық дайындық модульінде педагогикалық қызметіне қажетті болып табылатын жасөспірімдердің анатомо-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін, жеке тұлғаның қалыптасуын, методология негіздерін, тұтас педагогикалық процесс туралы түсінікті, тәрбие жұмысы мен педагогика әдістерін, формаларын, құралдарын, инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру, жобалау, инклюзивтік білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістерін, инклюзивтік білім беруде АКТ қолдануды қарастырады.

Пәндік-әдістемелік дайындық модульінде пән мұғалімдеріне қажетті білім, іскерлік және дағдылар игеріледі. Модульді игеру барысында курс тыңдаушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға және бірлескен оқыту, жеке оқыту, білімді бақылау мен талдау әдістерін қамтитын инновациялық технологияларды меңгеруге бағытталған әдістемелік семинарлар мен тренингтер және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады.

Сонымен бірге, арнайы мектепте көркем еңбекті оқытудың арнайы әдістемесімен, тіл дамытудың арнайы әдістемесі, дауысты кою және мәнерлеп оқу практикумымен, ЕБҚБ балаларды жазу мен оқуға үйретудің арнайы әдістемесімен, балаларды қоршаған ортамен таныстырудың арнайы әдістемесімен танысады олардың арасындағы байланыстарды және оқытудың инновациялық технологияларын меңгереді.

Сондай-ақ бұл модульде тыңдаушылар жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнымен және оны іске асыру құжаттамаларының рәсімделуімен танысады.

Кәсіптік практика модульінде Психология-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту мен тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру қарастырылады.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1. Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

Білім беру және тәрбиелеу, сондай-ақ білім беруге қатысты мемлекеттік реттеулер.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- ✓ барлық типтегі мектепке дейінгі ұйымдар (балабақша, бөбекжай-балабақшасы);
- ✓ негізгі және бейіндік мектептер;
- ✓ мамандандырылған мектептер;
- ✓ арнайы түзету мекемелері (мектеп-интернаттар, сөйлеу тілі, есту қабілеті, көру қабілеті, физикалық, ақыл-ой және психикалық даму бұзылыстары бар жасөспірімдерге арналған сыныптар);
- ✓ техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындары (колледждер);
- ✓ мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер (біліктілік арттыру институттары, кеңес беру орталықтары, дамыту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, логопедиялық пункттер т.б. денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және қайырымдылық жасау органдары мен мекемелері);
- ✓ білім беру бөлімдері.

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- ✓ оқыту;
- ✓ тәрбиелеу;
- ✓ әдістемелік;
- ✓ жобалық-зерттеушілік;
- ✓ түзету-дамытушылық;
- ✓ диагностикалық-консультативтік кеңес беру;
- ✓ әлеуметтік-бейімдеушілік;
- ✓ ұйымдастырушылық-коммуникативтік.

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

Әдістемелік:

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;

- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Жобалық-зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- білім алушылардың жеке және әлеуметтік дамуына арналған психологиялық-педагогикалық зерттеулер;
- білім беру әрекетінде білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, дамыту және түзету бағдарламаларын әзірлеу;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

түзету-дамытушылық:

- даму кемістіктерін түзету;
- білім беру және оңалту процестерін түзету-педагогикалық тұрғыда сүйемелдеу;

диагностикалық-консультативтік:

- білім беру процесінің қатысушыларын оқыту, дамыту, кәсіби бағдар беру;
- әлеуметтік бейімдеу мәселелері бойынша диагностикалық және консультативтік көмекті жүзеге асыру.

Әлеуметтік- бейімдеушілік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- адамның қоғамда өмір сүруіне қажетті құзыреттіліктерінің дамуында кемістіктері бар тұлғалардың әрекеттерін ұйымдастыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

Ұйымдастырушылық-коммуникативтік:

- ерекше білім алуға қажеттілігі бар тұлғалардың қарым-қатынас мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, қатынас жасау процесін ұйымдастыру.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай педагогикалық қайта даярлау курсының тыңдаушыларын даярлау.

Білім беру бағдарламасының *міндеттері:*

- Тыңдаушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- Тыңдаушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- Тыңдаушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;

3. БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.

2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.

3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.

4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** командада жұмыс істей алады, қоғамды жаңартуда белсенділік танытады.

5. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.

6. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

ON1 – метапәндік идеяларға негізделген пәндік білімі мен түсініктерін көрсетеді;

ON2 – инновациялық технологияларды оқытудың мақсат-міндеттері мен оқушылардың дара ерекшеліктеріне сәйкес қолданады;

ON3 – критериялды бағалаудың, диагностикалаудың, қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасаудың технологияларын пайдаланады;

ON4 – педагогикалық-психологиялық, физиологиялық білім негізінде, тұлғааралық, әлеуметтік жағдайларда және кәсіби қарым-қатынаста туындаған проблемаларды талдайды;

ON5 – тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілігін, командада жұмыс істеу дағдыларын және ақпараттық мәдениетін көрсетеді;

ON6 – оқушының тұлғалық сапасын қалыптастыруда, өмір бойы білім алуда пәндік және пәнаралық білімді интеграциялай алады.

5. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты

Пәннің оқу нәтижелерін бағалау университет анықтайтын ағымдық пен межелік бақылау және аттестаттаудың түрлі формалары арқылы жүзеге асырылады. Бағалау әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

Пәннің оқу нәтижелерін ағымдық бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіліп, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы бақылауды қамтиды.

Оқу нәтижелері мен бағалау әдістерінің сәйкестігі

Оқу нәтижелері	Бағалау әдістері
ON 2,4,6	Эссе
ON 2	Топтық презентация
ON 2,3,5	Жоба даярлау (топтық жұмыс)
ON 1,6	Жеке тапсырма (конспект, ой-талқы, талдау)
ON 1,3,4	Портфолио
ON 1,3,5,6	Практика есебі

Білім алушылардың үлгерімін бағалау ағымдық пен межелік бақылаулардың және аралық аттестаттаудың балдарынан тұрады. Бақылаудың барлық түрі 100 балдық шкалада бағаланады.

Ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лабораториялық, семинар, студиялық, БӨЖ (ТОӨЖ/ТӨЖ) және т.б. сабақтарында 100 балдық шкалада бағалап электрондық журналға қояды. Ағымдық бақылаудың қорытынды балы сабақтардың түрлері бойынша балдардың үлес салмағы ескеріліп есептеледі. Сабақтардың түрлері бойынша балдарының үлес салмағы келесі кестеге сәйкес болады.

Сабақтың түрлері	Үлес салмағы							
Лекция (L)	K ₁	0,2	0,2	0,2	0	0,7	0	0
Практикалық (Семинар) сабақ (P)	K ₂	0,5	0,2	0	0,7	0	0	0
Лабораториялық (Зертханалық) сабақ (Z)	K ₃	0	0,3	0,5	0	0	0	0,7
Студиялық сабақ (S)	K ₄	0	0	0	0	0	0,7	0
БӨЖ (B)	K ₅	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
Жалпы	1	1	1	1	1	1	1	

Бағалауды компьютер төменде көрсетілген формулаларға сәйкес автоматты түрде жүргізеді.

$$AB1(AB2) = K_1 \cdot L_{op} + K_2 \cdot P_{op} + K_3 \cdot Z_{op} + K_4 \cdot S_{op} + K_5 \cdot B_{op}$$

$L_{ор}$ -лекция бойынша, $P_{ор}$ -практика бойынша, $Z_{ор}$ -зертханалық сабақ бойынша, $S_{ор}$ - студиялық сабақ бойынша, $B_{ор}$ - БӨЖ бойынша орташа балдар.

7-ші және 15-ші апталардағы қорытынды рейтинг балы келесі түрде есептеледі:

$$P1(P2) = 0,6 * AB1(AB2) + 0,4 * MB1(MB2)$$

P1 - бірінші рейтинг, P2 - екінші рейтинг.

Емтиханға жіберу рейтингісін есептеу:

$$РЖ = \frac{P1 + P2}{2}$$

Емтиханға жіберу рейтингісі $РЖ \geq 50$ болу керек.

Ағымдық және межелік бақылаулар білім алушының қорытынды балының 60%-ын құрайды, ал қалған 40%-ды емтиханнан жинайды.

Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептеледі:

$$\text{Қорытынды бағалау (ҚБ)} = 0,6 * РЖ + 0,4 * E$$

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

6. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

- ❖ Тыңдаушы оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын рефлексивті көзқарасқа негізделген оқыту әдісі;
- ❖ біліктілікке бағытталған оқыту;
- ❖ әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;
- ❖ кейс-стади;

❖ жобалар әдісі және т.б.

Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялардың түрлерін оқытушы өзі таңдайды.

ББ бойынша күтілетін оқу нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқытудың әдіс-тәсілдері

Оқу нәтижелеріне қол жеткізудің әдіс-тәсілдері	Оқу нәтижелері					
	ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6
Лекция	+		+			
Практикалық әдіс						+
Семинар	+		+			+
Тренингтік оқыту әдістері		+			+	
Интерактивті лекция				+		
Жобалар әдісі						+
Кейс-стади	+				+	
Топтық жұмыс						+
Проблемалық оқыту	+		+			
Рефлексивті оқыту әдісі	+		+		+	
Пікірталас				+		+
Критикалық оқыту					+	+

7. Білім беру бағдарламасының мазмұны

7.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі

Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері бітіруші моделіне сәйкес анықталады.

Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін бітіруші моделімен байланыстыру матрицасы

БМ	ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6
1				+		
2	+		+		+	+
3		+				
4	+					
5	+				+	
6			+			

7.2 Модульдер туралы мәліметтер

№	Модульдің атауы	Модульдің оқу нәтижелері	Модульдің құрамы	Модульдің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Бітірушінің модульдің элементтері
1	Педагогикалық-психологиялық дайындық	MON1 – педагогикалық талдаудың әдіснамасын таңдайды. MON2 – зерттеудің нәтижелерін жинақтайды. MON3 – педагогикалық-психологиялық білімдерін жаңа жағдайға қолданады. MON4 – тәрбие жұмысының отандық және шетелдік тәжірибесін пайдаланады. MON5 – кәсіби коммуникативтілікті және командада жұмыс істейді. MON6 – оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді шешеді.	- Оқушылардың жас ерекшеліктік физиологиясы және гигиенасы - Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі - Психология	Модуль жасөспірімдердің анатомо-физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері, денсаулықты сақтау, нығайту негізінде жеке тұлғаның қалыптасуын; өзекті мәселелер, методология негіздері, педагогикалық ғылымның дамуының негізгі кезеңдері, тұтас педагогикалық процесс туралы түсінікті; тәрбие жұмысы мен педагогика әдістері, формалары, құралдарын; психикалық танымдық процестер мен күйлер дамуының негізгі заңдылықтарын, тұлға дамуының негізгі теорияларын, тұлғаның жеке-дара типтік қасиеттері мен ерекшеліктерін және оқу-тәрбие үрдісін жобалауда тұлғаның жеке дара психологиялық ерекшеліктері мен іс-әрекетті реттеу механизмдерін қарастырады.	13	1,2,3

2	Пәндік - әдістемелік дайындық	MON1 – пән бойынша әдістемелік даярлығын көрсетеді; MON2 – Мектептегі оқу процесін ұйымдастыруда инновациялық технологиялар мен АКТ қолданады; MON3 – есеп шығару, эксперимент жасауда, Web-платформадағы электрондық оқытуда, лабораториялық жұмыс орындауда оқыту технологияларын қолданады; MON4 – орта мектепте критериялы бағалаудың, диагностикалаудың, қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасаудың технологияларын пайдаланады; MON5 – тұлғааралық қарым-қатынаста, командалық жұмыста коммуникативтілігін және ақпараттық мәдениетін көрсетеді; MON6 – оқушының тұлғалық сапасын қалыптастыруда пәндік және пәнаралық білімді интеграциялай алады;	• Пәнді оқыту әдістемесі • Көркем еңбекті оқытудың арнайы әдістемесі • Тілді оқыту әдістемесі • Мектеп жасына дейінгі оқыту мен бағалаудың жаңа әдіс-тәсілдері • Пәнді оқытудың инновациялық және компьютерлік технологиялары • ЕБҚБ балаларды жазу мен оқуға үйретудің арнайы әдістемесі • Жаратылыстануды және дүниетануды оқыту әдістемесі • Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстырудың инновациялық әдістері • Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі • Хормен және балалар дауысымен жұмыс жасау әдістемесі • Графика және жобалауды оқыту • Білім беру мекемесіндегі психологиялық қызмет	Модульде болашақ маманның мектепте пәнді оқыту жүйесінің құрамды бөліктерін, олардың арасындағы байланыстарды және пәнді оқыту әдістемесі мен оқытудың инновациялық технологияларын меңгеру негізінде болашақ кәсіби қызметіне даярлығын қалыптастыруға, оқыту мен бағалаудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеруге, АКТ негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету және пәнаралық білімді интеграциялау жолдары сипатталады. Сонымен бірге: - стандартты және стандартты емес, олимпиадалық, эксперименттік пәндік есептерді шешу әдістемесін меңгеру, мектеп эксперименті мен демонстрациялық тәжірибені қою және өткізу, пән сабақтарында оқушылардың белсенділігін арттыру тәсілдерін меңгертеді; - әлемдік және отандық ғылымдардың жетістіктерін зерттеуді, басқару принциптерін, механизмдерін, заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін меңгеруді, нақты пәндік мәселелерді шешуді, қабілетін дамытуды қарастырады; - сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру, бейіндік оқыту, білімін	17	1,2,3,5,6
---	-------------------------------	---	---	--	----	-----------

			• Математикалық есептер шығару практикумы • Физикалық есептерді шығару практикумы • Web- платформадағы электрондық оқыту • Мектепте химиялық эксперимент жүргізу әдістемесі • Мектептегі экономикалық, әлеуметтік және физикалық география курсы • Биология пәнінен лабораториялық жұмыстарды ұйымдастыру • Балаларды қоршаған ортамен таныстырудың арнайы әдістемесі • Бастауышта математиканы оқыту әдістемесі • Тарих білімінің цифрлық ресурстары • Мектеп жасына дейінгі балаларда математикалық түсініктерді қалыптастыру • Қозғалыс ойындар оқыту әдістемесі (мектеп бағдарламасы бойынша)	практикада қолдану мәселелері қарастырылады; - Ерекше білімге қажеттілігі бар (ЕБҚБ) балалармен жұмыс жасау технологияларын, формаларын, мазмұнын, қағидаларын; сөйлеуді дамыту әдістемесін, оқуға үйретуді, қол еңбегін, сурет салуды, мүсіндеуді, аппликацияны, үй шаруашылығын оқыту, қоршаған ортамен таныстыру саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастырады.		
--	--	--	---	---	--	--

			• Аспапты үйрету әдістемесі • Кәсіптік білім беруде ғылыми зерттеулер негіздері • Басқару психологиясы • Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі • Орыс әдебиетін оқыту әдістемесі • Цифрлық дәуірдегі шеттілдік білім және оны қашықтықтан оқыту әдістемесі		
--	--	--	--	--	--

3	Кәсіптік практика	MON1 - Кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттейді, теориялық білімдерді бекітеді; MON2 - кәсіптік машықтарды, дағдыларды, сабақ беру мен оқыту әдістемесін меңгереді; MON3 – практика барысында рольдік кәсіптік ұстанымын айқындайды; MON 4 - әлемдік, отындық озық тәжірибелі педагогтардың зерттеулерін, тиімді оқыту жолдарын талдайды; MON 5 - критериялды бағалаудың, қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасаудың технологияларын қолданады MON 6 - оқу және тәрбие жұмысы барысында тыңдаушылардың пән бойынша білімдерін бағалайды	• Психология-педагогикалық практика • Педагогикалық практика	Болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеруді көздейді. Жалпы ғылыми, педагогикалық-психологиялық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады	10	1,2,3,4,6
4	Қорытынды аттестация	Қорытынды аттестация			2	1-6
Жалпы					42	

8.3.Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Оқу нәтижелері (код)					
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6
Педагогикалық-психологиялық дайындық									
1	Оқушылардың жас ерекшеліктік физиологиясы және гигиенасы	Мектеп жасындағы балалардың анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, әр түрлі жастағы өсу және даму заңдылықтарын, мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау мен нығайтуын, олардың оқып-білім алу барысында жұмысқа қабілеттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жолдарын қарастыра отырып, баланың жасына лайық білім беріп, ақыл ойын дамытудың ғылыми негіздері туралы білім беріледі.	3	+			+		
2	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының негізінде анықталған оның мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процесстің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары қарастырылады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері, ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі және тәрбие жұмысының диагностикасы сипатталады.	5	+		+			
3	Психология	Психология – адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны, міндеттері, маңыздылығы, заманауи тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы психология мен психологиялық білімдердің мәнін зерттейді. Психикалық танымдық процестер мен күйлер дамуының негізгі заңдылықтарын, оқу-тәрбие үрдісін жобалауда тұлғаның жеке дара психологиялық ерекшеліктері мен іс-әрекетті реттеу механизмдерін қарастырады.	5			+		+	
Пәндік - әдістемелік дайындық									
1.	Пәнді оқыту әдістемесі	Пәндерді оқыту әдістемесі пәні мектепте оқыту мақсаты мен міндеттері, ұстанымдары, әдістері, қалыптары және мазмұны, ұғымдарды қалыптастыру, сабақты және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу, бейіндік оқыту, білімін	6	+		+		+	+

			практикада қолдану мәселелері қарастырылады. Сабак жоспарын жасау, пәндік білімді интеграциялау, инклюзивті білім берудегі креативтілікті бағалау жолдары сипатталады.							
2.	Көркем оқытудың әдістемесі	еңбекті арнайы	МЖМБС сай еңбекті оқыту негізінде практикалық дағдылар мен біліктіліктерді игерудің мазмұны, еңбек түрлері мен топта ынтымақтаса жұмыс істеу әрекетін ұйымдастыру формалары мен технологияларын, арнайы және инклюзивтік білім беру ұйымдарында ЕБҚБ мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларының еңбек әрекетін жүзеге асыру барысында коммуникативтік дағдыларын дамыту жолдары сипатталады.			+	+			+
3.	Тілді әдістемесі	оқыту	Тілді оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін меңгертеді және әдістеменің негізін қалаған ғалым-әдіскерлердің еңбектері мен ой-тұжырымдарына қатысты еңбектерімен, педагогика және әдістеме ғылымындағы жаңа қағидалармен, әдістеме бағыттарымен таныстырады. Инновациялық технологияларды практикада тиімді қолданудың жолдарын үйретеді; тілді оқыту әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздерін меңгертіп, кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өмір бойы білім алуға дағдыландырады. Өзге тілде сөйлеу мазмұнын түсінуге үйрету, ауыз-екі сөйлеуді қалыптастыру, шетел мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін таныстыру мәселелері қарастырылады.			+	+	+		+
4.	Мектеп жасына дейінгі оқыту мен бағалаудың жаңа әдіс-тәсілдері		Пән педагогикалық технологиялардың дамуының тарихи аспектісін, педагогикалық технологиялардың жіктелуін, білім беру үрдісінің бала тұлғасын зерттеуге бағытталған. Білім беру технологияларын меңгерудің дағдылары мен біліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Пәнде ойын технологиясы, еркін дамудың білім отқаберу технологиялары, дамыту, зерттеу және проблемалық оқыту технологиялары, балаларды ерте дамыту технологиясы.			+	+	+		+

	Пәнді оқытудың инновациялық және компьютерлік технологиялары	Қазіргі инновациялық технологиялардың мәнін, жаңартылған білім беру мазмұнындағы білім беру технологияларының ерекшелігін түсіну, анықтау тәсілдерін, оқу үдерісін ұйымдастыру принциптерін, әдістерін қарастырады. Оқуды ұйымдастыруда критериялды бағалау, диагностикалау, қысқа мерзімді сабақ жоспарын жасау, АКТ арқылы кері байланыс орнату технологияларын қолдану, пәнаралық білімдерді интеграциялау жолдары сипатталады.			+	+		+	
2	ЕБҚБ балаларды жазу мен оқуға үйретудің арнайы әдістемесі	Білім алушының ерекшеліктеріне сәйкес жазуға және оқуға қызығушылығын арттыру, дамыту жолдарын, дағдыларын қалыптастыру бойынша логопедиялық жұмыстардың формалары мен әдістерін қарастырады. Өріптік оқыту жүйесі, әдеби, аналитикалық-синтетикалық, буындап, қосып, көлемдік оқу әдістері, бұзылыстың түріне және формасына байланысты оқу мен жазуды меңгерту әдістемесін бағалау дағдысы қалыптасады		+	+				+
3	Жаратылыстануды және дүниетануды оқыту әдістемесі	Пән жаңартылған бағдарламамен оқытудың мақсаты мен міндеттерін, ұстанымдарын, әдістерін және мазмұнын сипаттайды. Мақсаттарға жететін сабақ жоспарын жасау, пәнаралық білімдерді интеграциялау, зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімді функционалдықымен және шығармашылықпен пайдалану, сыни ойлауды дамыту, АКТ-ны, технологияларды қолдану, инклюзивті білім беру жолдары сипатталады.		+	+	+	+	+	+
4	Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстырудың инновациялық әдістері	МЖМБС талаптарына сәйкес мектепке дейінгі білім беру жағдайында «Әлеумет» білім беру саласында оқыту әрекетін жүргізудің инновациялық әдістері мен технологияларын қолдануға білім алушылардың дайындығын қалыптастырады. Өзін-өзі тану, экология негіздері, қоршаған ортамен таныстыру бойынша негізгі ережелердің тұжырымдамалық ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейеді.				+		+	

5	Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі	Отандық және шетелдік білім жүйесінде таңдалған спорт түрлері бойынша түрлі дағдылар қолданылады. Спорт түрлерін басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы мен тұжырымдамасы, спорт түрлерін дамытудың өзекті мәселелері қарастырылады. Жіктеу, жүйелеу, терминология, әдістер мен технологиялар, спорттық дайындық түрлері, физикалық қасиеттердің дамуы зерттеледі. Жоспарлау, іріктеу, бақылау. Оқу-жаттығу, командалық жиындар мен жарыстар.		+	+		+	+	+
6	Хормен және балалар дауысымен жұмыс жасау әдістемесі	Хор құрамында ән айтуда басқа дауыстарды тыңдап, топпен жұмыс жасауда өз партиясынан ауытқымауды үйретеді. Кәсіби орындаушылық деңгейін көтеру мақсатында партияларды бірден оқып, үнемі жаттығуда гармониядан алған ақпараттарды қолдана отырып, музыкалық үндестікті сезінуді анықтайды.		+	+		+	+	+
7	Графика және жобалауды оқыту	Графика және жобалау пәнін оқытуда сызу құрал жабдықтарымен жұмыс жасау, проекциялау, кескінді екі немесе үш жазықтыққа проекциялау әдістерін, белгісіз проекцияны табу, аксонометриялық проекциялар, техникалық сурет және эскиздер салу әдістері қарастырылады. Қима мен тілік сызбаларын, аксонометриялық қиылысу сызбаларын, стандарттарды практикада қолдануда АКТ-ны және инновациялық технологияны пайдалану, критериялды бағалаумен сипатталады.		+	+		+	+	+
8	Білім беру мекемесіндегі психологиялық қызмет	Білім беру мекемесіндегі оқушылардың толыққанды психикалық дамуына ықпал жасау, оқу-тәрбие үрдісінде кездесетін нақты психологиялық мәселелерді шешу, қиындықтардың себебін анықтау жолдарын, мүмкіндіктерін, қабілетін дамытуды қарастырады. Психологиялық қызмет көрсетудің технологиялары, психодиагностикалық әдістемелерді тиімді қолдану және кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдай білу жолдары сипатталады.					+		+

1	Математикалық есептер шығару практикумы	Мектеп математикасы оқулығында қарастырылатын ұғымдар мен математикалық есептерді шешудің әдіс-тәсілдері, есеп құрастыру жолдары мен бағалау критерийлерін анықтау және оларды практикада дидактикалық материалдар ретінде қолдану мәселелері қарастырылады. Есептерді шешуде ЦБР-ды пайдалану, жоба жұмыстарын орындауда коммуникативтілік, ақпараттық мәдениет көрсету және пәндік білімді интеграциялау жолдары сипатталады.	5	+	+				+	+
2	Физикалық есептерді шығару практикумы	Физикалық есептерді шығару әдістері, физика есептерінің әр түрлі типтерінің құрылымдық ерекшеліктері, бақылау жұмыстары, олимпиадалық есептер түрлері, есеп құрастыру жолдары мен бағалау критерийлері және оларды практикада дидактикалық материалдар ретінде қолдану жолдары қарастырылады.		+	+				+	+
3	Web-платформадағы электрондық оқыту	Пәнде интербелсенді, модульдік оқыту, ойын технологияларын қолдану әдістері қамтылады. Оқу үдерісінде ActivStudio-ны қолдану, iSpring, QuizMaker бағдарламасымен тест құрастыру, бейнелекция дайындау технологиялары беріледі. Қашықтан оқыту, интернет-олимпиадаға қатысу, E-learning енгізудің директивті және бастамашылық негіздері қарастырылады. Жобалық жұмыстар Moodle программасымен іске асырылады.		+	+				+	+
4	Мектепте химиялық эксперимент жүргізу әдістемесі	Зертханалық жұмыстар жүргізу арқылы алған білімдерін жетілдіріп практикалық дағдысын қалыптастырады. Эксперименттің көмегімен заттардың табиғатын танып білуді және заттардың арасындағы өзара қатысты, тәуелділікті ашуды, меңгертеді. Химия ғылымында эксперимент маңызды орын алатындықтан мектепте ғылымның негіздерін оқып үйрену барысында эксперименттің атқаратын ролі анықталынады.		+	+				+	+

5	Мектептегі физикалық, әлеуметтік-экономикалық география курсы	Геосфераның құрамдас бөліктері, құрылымы, даму заңдылықтары, динамикалық ерекшеліктері, біртұтас ғаламдық табиғат кешені ретінде қарастырады. Дүние жүзінің саяси картасын, табиғат жағдайлары мен ресурстарын, халқын, шаруашылығын, өнеркәсібін, еңбек ресурстарын, халықаралық экономикалық байланыстарын талдайды. Физикалық, әлеуметтік-экономикалық география курсының теориялық тұжырымдарын, заңдылықтарын зерттейді, АКТ және функционалдық сауыттылығын қалыптастырады.		+	+			+	+
6	Биология пәнінен лабораториялық жұмыстарды ұйымдастыру	Биология пәнінен лабораториялық сабақтарды ұйымдастыру, жұмыс барысын жоспарлау, жаңа әдістерді, құрал-жабдықтарды пайдалану технологиясымен меңгеру, зерттеу жұмыстарының нәтижесін талдау және қорытындылау дағдылары қарастырылады. Биологияны оқытуда білімдерін практикада қолдану, сабақ жоспарын жасау және білім беруде инновациялық технологияларды қолдану жолдары сипатталады.		+	+			+	+
7	Балаларды қоршаған ортамен таныстырудың арнайы әдістемесі	Арнайы және инклюзивті білім беру әдістерін, дәстүрлі және инновациялық технологияларды қолдана отырып, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған МЖМБС, қоршаған ортамен таныстырудың теориясы мен әдістемесі, адам мен табиғаттың қарым-қатынасы, қауіпсіздік факторларды, балаларда өзі, айналасындағылар және қоғамдағы толеранттық қатынас туралы түсінік қалыптастыру туралы түсініктерін дамытуға бағытталған			+	+		+	
8	Бастауышта математиканы оқыту әдістемесі	Бастауыш мектепте математиканы жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, құралдарын, ұйымдастыру формаларын негіздеу, практикада пайдалану, критериялды бағалау түрлерін қарастырады. Ортақ тақырыптарды интеграциялау, оқушының ерекшелігіне сай сын тұрғысынан шығармашыл, позитивті ойлауын дамыту әдістерін жаңа контексте ұсыну, контент жинақтау, АКТ-ны қолдану, инклюзивті білім беру мәселелерін сипаттайды.		+	+	+	+	+	+